

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2021 ж. «29» желтоқсанның
№ N046530, 046531, 046532
бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1. ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТ АТАУЫ

Джакави 5 мг, 15 мг және 20 мг, таблеткалар

2. САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

2.1. Жалпы сипаттамасы

Руксолитиниб

2.2. Сапалық және сандық құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді зат - руксолитиниб фосфаты, 6.60 мг, 19.80 мг немесе 26.40 мг (5 мг, 15 мг немесе 20 мг руксолитинибке баламалы).

Дәрілік препарат құрамында бар екені ескерілуі тиіс қосымша заттар: лактоза моногидраты, 71.45 мг, 214.35 мг немесе 285.80 мг.

Қосымша заттардың толық тізімін 6.1-бөлімнен қараңыз.

3. ДӘРІЛІК ТҮРІ

Таблеткалар.

Дөңгелек пішінді таблеткалар, ақтан ақ түске дейін, бір жағында «NVR» және екінші жағында «L5» нақыштамасы бар, диаметрі шамамен 7.5 мм (5 мг доза үшін).

Сопақша пішінді таблеткалар, ақтан ақ түске дейін, бір жағында «NVR» және екінші жағында «L15» нақыштамасы бар, ұзындығы шамамен 15.0 мм және ені шамамен 7.0 мм (15 мг доза үшін).

Ұзынша пішінді таблеткалар, ақ түстен ақ дерлік түске дейін, бір жағында «NVR» және екінші жағында «L20» нақыштамалары бар, ұзындығы шамамен 16.5 мм және ені шамамен 7.4 мм (20 мг доза үшін).

4. КЛИНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРІ

4.1 Қолданылуы

Миелофиброз (МФ)

- спленомегалиямен немесе бастапқы миелофиброз симптомдарымен (сондай-ақ созылмалы идиопатиялық миелофиброз ретінде белгілі) байланысты ауруларда, нағыз полицитемия салдарынан немесе ересек пациенттерде эссенциальды тромбоцитемия нәтижесінде дамыған миелофиброз кезінде емдеу

Нағыз полицитемия (НП)

- гидроксикарбамидке төзімділікпен немесе жақпаушылықпен қатар жүретін нағыз полицитемиясы бар пациенттерді емдеу

4.2. Дозалау режимі және қолдану тәсілі

Джакави препаратымен емдеуді ісікке қарсы препараттарды қолдану тәжірибесі бар дәрігер ғана тағайындауы тиіс.

Джакави препаратымен емдеуді бастағанға дейін қандағы лейкоциттердің дифференциалды есептеуін қоса алғанда, жалпы қан талдауын жүргізген жөн.

Қандағы лейкоциттердің дифференциалды есептеуін қоса, жалпы қан талдауының көрсеткіштерін Джакави препаратының тиісті дозасы таңдалғанға дейін, одан әрі клиникалық көрсеткіштер бойынша әрбір 2-4 апта сайын бақылау қажет (4.4 бөлімін қараңыз).

Дозалау режимі

Бастапқы доза

Миелофиброзды (МФ) емдеу үшін Джакави препаратының ұсынылатын бастапқы дозасы тромбоциттер саны тәуелді болады (1 кестені қараңыз):

1 кесте Миелофиброз кезіндегі бастапқы доза

Тромбоциттер мөлшері	Бастапқы доза
> 200 000/мм ³	тәулігіне екі рет 20 мг пероральді
100 000/мм ³ -нан 200 000/мм ³ дейін	тәулігіне екі рет 15 мг пероральді
75 000 -нан <100 000/мм ³ дейін	тәулігіне екі рет 10 мг пероральді
50 000 -нан <75 000/мм ³ дейін	тәулігіне екі рет 5 мг пероральді

Нағыз полицитемиясы (НП) бар пациенттерде ұсынылатын Джакави препаратының бастапқы дозасы тәулігіне пероральді екі рет, 10 мг құрайды.

Дозаны түзету

Дозаларды емнің тиімділігі мен қауіпсіздігін ескере отырып титрлеуге болады.

Егер тиімділік жеткіліксіз деп қаралса, ал қанның формалы элементтерінің саны жеткілікті болып табылса, қабылданатын дозаларды тәулігіне 2 рет 5 мг-ға дейін, тәулігіне 2 рет ең жоғары 25 мг дейінгі дозаға арттыруға болады.

Препараттың бастапқы дозасын емдеудің алғашқы төрт аптасы ішінде арттырмау керек, одан кейін оны 2 апта аралықты сақтау отырып жоғарлатуға болады.

Тромбоциттер саны 50.000/м³ кем анықталған кезде немесе нейтрофилдердің абсолюттік саны 500/мм³ кем төмендеген кезде емдеу тоқтатыла тұруы керек. НП емдеу кезінде гемоглобин деңгейі 8 г/дл-ден төмен болса, препаратты қолдану тоқтатылуы тиіс.

Қанның формалы элементтерінің саны осы көрсеткіштерден асатын деңгейге дейін қалпына келтіргеннен кейін препаратты қолдану 5 мг дозада тәулігіне 2 рет жаңартылуы мүмкін, бұл ретте лейкоциттерін дифференциалды есептеуді қоса алғанда, жалпы қан талдауы көрсеткіштерінің мұқият мониторинг жүргізу негізінде бұдан әрі доза біртіндеп артуы мүмкін.

Тромбоцитопенияның дамуы салдарынан препаратты қолданудың үзілуін болдырмау үшін егер тромбоциттер саны 2 кестеде көрсетілгендей азайған кезде дозаны төмендету қарастырылуы мүмкіншілігі ұсынылады.

2 кесте Тромбоцитопения кезінде ұсынылатын доза

	Тромбоциттер санының төмендеуі кезіндегі доза				
	Тәулігіне екі рет 25 мг	Тәулігіне екі рет 20 мг	Тәулігіне екі рет 15 мг	Тәулігіне екі рет 10 мг	Тәулігіне екі рет 5 мг
Тромбоциттер мөлшері	Жаңа доза				
100 000 -нан <125 000/мм ³	Тәулігіне екі рет 20 мг	Тәулігіне екі рет 15 мг	Өзгеріссіз	Өзгеріссіз	Өзгеріссіз
75 000 -нан <100 000/мм ³ дейін	Тәулігіне екі рет 10 мг	Тәулігіне екі рет 10 мг	Тәулігіне екі рет 10 мг	Өзгеріссіз	Өзгеріссіз
50 000 -нан <75 000/мм ³ дейін	Тәулігіне екі рет 5 мг	Тәулігіне екі рет 5 мг	Тәулігіне екі рет 5 мг	Тәулігіне екі рет 5 мг	Өзгеріссіз
50 000/мм ³ кем	Қабылдауды тоқтату	Қабылдауды тоқтату	Қабылдауды тоқтату	Қабылдауды тоқтату	Қабылдауды тоқтату

НП емдеуде, егер гемоглобин деңгейі 12 г/дл-ден төмен түссе дозаны төмендету туралы шешім қабылдануы мүмкін және егер гемоглобин деңгейі 10 г/дл-ден төмен болса дозаны төмендету ұсынылады.

СҮР3А4 қуатты тежегіштерін немесе флуконазолды бір мезгілде қолданғанда дозаны түзету:

Егер руксолитинибті СҮР3А4 күшті тежегіштерімен немесе СҮР2С9 және СҮР3А4 ферменттерінің қосарлы тежегіштерімен (мысалы, флуконазол) бір мезгілде қолданылса, руксолитинибтің стандартты дозасы тәулігіне екі рет қабылдаған кезде дозаны тиісінше төмендету жолымен шамамен 50%-ға төмендеуі тиіс (4.5 бөлімін қараңыз). Руксолитинибты тәулігіне 200 мг асатын флуконазол дозаларымен бір мезгілде пайдаланудан аулақ болу керек.

СҮР3А4 қуатты тежегіштерін немесе СҮР2С9 және СҮР3А4 ферменттерінің қосарлы тежегіштерін қабылдау басталған кезде руксолитинибті қабылдаумен байланысты гематологиялық параметрлер және клиникалық симптомдардың жағымсыз реакцияларының неғұрлым жиі (мысалы, аптасына екі рет) мониторингі ұсынылған.

Пациенттердің ерекше топтары

Балалар

Джакави препаратының 18 жасқа дейінгі балалардағы қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған. Деректер жоқ (5.1 бөлімдерін қараңыз).

Егде жастағы пациенттер

Егде жастағы пациенттерде препараттың дозасын қосымша түзету талап етілмейді.

Бауыр функциясының жеткіліксіздігі бар пациенттер

Бауыр функциясының бұзылуы бар пациенттерде тромбоциттер санына негізделген ұсынылатын бастапқы дозаны шамамен 50%-ға төмендету қажет және тәулігіне екі рет қолдану керек. Препараттың кейінгі дозаларын емдеудің қауіпсіздігі мен тиімділігіне мұқият жүргізілген мониторинг нәтижелерін ескере отырып түзету керек. Бауыр функциясының бұзылуы диагнозы анықталған пациенттерге Джакави препаратын қолданған кезде препаратпен емдеу басталғаннан кейінгі алғашқы 6 апта ішінде кемінде бір-екі апта сайын, ал содан кейін бауыр функциясы мен қан көрсеткіштері тұрақтанғанға дейін клиникалық көрсеткіштер бойынша қанның лейкоциттерін саралауды қоса алғанда, толық қан талдауын жүргізген жөн. Цитопенияның даму қаупін төмендету үшін Джакави препаратының дозасын титрлеуге болады.

Бүйрек функциясының жеткіліксіздігі бар пациенттер

Ауырлығы жеңіл немесе орташа дәрежедегі бүйрек функциясы бұзылған пациенттерге препарат дозасын арнайы түзету талап етілмейді.

Бүйрек функциясының ауыр жеткіліксіздігімен пациенттерде (креатинин клиренсі <30 мл/мин) МФ бар пациенттерде тромбоциттер санына негізделген ұсынылатын бастапқы дозаны шамамен 50%-ға төмендету қажет және тәулігіне екі рет қолдану керек. Бүйрек функциясының ауыр дәрежедегі бүйрек жеткіліксіздігімен НП бар пациенттер үшін ұсынылатын бастапқы доза тәулігіне 2 рет 5 мг құрайды. Джакави препаратымен емдеу кезінде пациенттерге тиімділік пен емнің қауіпсіздігіне мұқият бақылау жүргізу қажет. Бүйрек функциясы жеткіліксіздігінің терминалдық сатысы (БЖТС) бар гемодиализдегі пациенттер үшін дозалаудың оңтайлы режимін анықтау жөніндегі деректер шектеулі. Осы пациенттердің санаты үшін қолда бар деректер БЖТС-мен МФ бар пациенттерді емдеуді гемодиализдің әрбір рәсімінен кейін және оны жүргізу күнінде ғана алынатын 12 сағаттық аралықпен 15-20 мг бір реттік дозаны қабылдаудан немесе 10 мг дозаны екі рет қабылдаудан бастау керек. Тромбоциттер саны $100\ 000/\text{мм}^3$ -тен $200\ 000/\text{мм}^3$ -ке дейінгі МФ бар пациенттерге 15 мг бір реттік доза ұсынылады. Тромбоциттер саны $> 200\ 000/\text{мм}^3$ болатын МФ бар пациенттерге бір реттік 20 мг дозаны қабылдау немесе 12 сағаттық аралықпен 10 мг дозаны екі рет қабылдау ұсынылады. Кейінгі дозалар (бір реттік дозаны қабылдау немесе 12 сағаттық аралықпен 10 мг дозаны екі рет қабылдау) гемодиализдің әрбір рәсімінен кейін және оны жүргізу күндері ғана қабылдануы тиіс. Гемодиализде БЖТС-мен МФ бар пациенттерді емдеу үшін гемодиализ емшарасынан кейін және оны жүргізу күнінде ғана алынатын 12 сағаттық аралықпен бастапқы бір реттік 10 мг доза немесе екі реттік 5 мг доза қабылдау ұсынылады. БЖТС бар жекелеген пациенттерде дозаның кез келген өзгерістерінен кейін емдеудің қауіпсіздігі мен тиімділігін мұқият бақылау қажет. Перитонеальді диализдегі немесе ұзақ вена-веноздық гемофилтрациядағы пациенттерде дозалауға қатысты деректер жоқ (5.2 бөлімдерін қараңыз).

Емдеуді тоқтату

Емдеу пайда мен қауіптің арақатынасы оң болғанша жалғасуы мүмкін. Алайда, егер ем басталғаннан кейін көкбауыр мөлшерінің азаюы немесе симптомдардың жеңілдеуі байқалмаса, емдеуді 6 айдан кейін тоқтату қажет.

Клиникалық жақсарудың белгілі бір дәрежесі байқалатын пациенттерге, егер оларда бастапқы өлшеммен салыстырғанда көкбауыр мөлшерінің 40%-ға тұрақты ұлғаюы байқалса (бұл көкбауыр көлемінің 25%-ға ұлғаюына шамамен баламалы болса), сондай-ақ аурумен байланысты симптомдардың одан әрі елеулі жеңілдеуі болмаса, руксолитинибпен емдеуді тоқтату ұсынылады.

Қолдану тәсілі

Джакави препараты тамақ ішуге байланыссыз ішке қабылданады.

Препараттың кезекті дозасын қабылдауды өткізіп алған жағдайда пациент қосымша доза қабылдамауы және келесі дозаны әдеттегі жазылған уақытында қабылдауы керек.

4.3 Қолдануға болмайтын жағдайлар

- Эсер етуші затқа немесе 6.1-бөлімде көрсетілген қандай да бір қосымша заттарға жоғары сезімталдық.
- Жүктілік және бала емізу кезеңінде қолдану.

4.4. Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтандыру шаралары

Миелосупрессия

Джакави препаратымен емдеу тромбоцитопения, анемия және нейтропенияны қоса гематологиялық жағымсыз дәрілік реакциялардың дамуына әкелуі мүмкін. Джакави препаратымен емдеу басталғанға дейін қандағы лейкоциттерді дифференциалды есептеуді қоса, жалпы қан талдауын жасау қажет. Емдеу тромбоциттер саны $50\ 000/\text{мм}^3$

аз болғанда немесе нейтрофилдердің абсолютті саны $500/\text{мм}^3$ аз болғанда (4.2- бөлімді қараңыз) тоқтату керек.

Емнің басында тромбоциттер саны аз ($<200\ 000/\text{мм}^3$) пациенттердің емделу кезінде тромбоцитопенияның дамуына бейімдеу болғаны анықталды.

Тромбоцитопения көп жағдайларда қайтымды сипатта болады және дозаны азайтумен немесе Джакави препаратын қабылдауды уақытша тоқтатумен түзетіледі (4.2 және 4.8-бөлімдерді қараңыз). Алайда клиникалық көрсетілімдер бойынша тромбоцитарлық масса құю талап етілуі мүмкін.

Пациенттерде анемия дамығанда қан құю да қажет болуы мүмкін. Бұдан бөлек, анемия дамыған пациенттерде дозаны түзетуді немесе емді тоқтата тұруды қарастыру қажет.

Емнің басында гемоглобиннің бастапқы деңгейі жоғарылау болған (30,1 %-бен салыстырғанда 79,3 %) пациенттерге қарағанда гемоглобин деңгейі $10,0\ \text{г/дл}$ аз пациенттерде ем уақытында гемоглобин құрамының $8,0\ \text{г/дл}$ төмен азаю қаупінің жоғарырақ болу қаупі бар. Гемоглобиннің бастапқы деңгейі $10,0\ \text{г/дл}$ -ден төмен пациенттерде гематологиялық көрсеткіштер мен препаратқа жағымсыз реакциялармен байланысты клиникалық белгілер мен симптомдарға неғұрлым жиі мониторинг жүргізу ұсынылған.

Көптеген жағдайларда нейтропения (нейтрофилдердің абсолютті саны < 500) қайтымды сипатта болды және Джакави препаратын қабылдауды уақытша тоқтатумен түзетілді (4.2 және 4.8-бөлімдерді қараңыз).

Жалпы қан талдауын клиникалық көрсетілімдер бойынша бақылап отыру және қажеттілігіне қарай дозаны түзету қажет (4.2 және 4.8-бөлімдерді қараңыз).

Инфекциялар

Джакави препаратымен ем қабылдаған пациенттерде ауыр бактериялық, микобактериялық, зеңдік және вирустық инфекциялар туындаған. Пациенттерде ауыр инфекциялардың даму қаупін бағалау қажет.

Дәрігер инфекциялардың белгілері мен симптомдарының дамуын анықтау үшін Джакави препаратын қабылдайтын пациенттерді мұқият қадағалауды жүзеге асыруы тиіс және қажет болған жағдайда тиісті емді шұғыл бастауы қажет. Джакави препаратымен ем ауыр белсенді инфекциялық процесс жойылғанша басталмауы тиіс.

Джакави препаратын қабылдаған пациенттерде туберкулез дамыған жағдайлар туралы хабарланған. Емдеуді бастар алдында, пациенттерді жергілікті нұсқауларға сәйкес туберкулездің белсенді немесе белсенді емес («жасырын») түрінің дамуы мүмкіндігін анықтау мақсатында тексеру керек. Бұл тексеру аурудың тарихын, осының алдында туберкулез жұқтырғандармен болуы мүмкін қатынастарды және/немесе, жағдайларға қарай, мысалы, флюорография, туберкулиндік сынама немесе гамма-интерферонның босап шығуына негізделген талдау арқылы тиісті скрининг өткізуді қамтуы мүмкін. Ем тағайындайтын мамандар, әсіресе, сырқаты ауыр немесе иммунитеті әлсіреген пациенттерде туберкулиндік тері сынамасының жалған теріс нәтижелер қаупі туралы естен шығармауы тиіс.

Созылмалы вирустық В (ВГВ) гепатиттері бар пациенттерде аланинаминотрансфераза және аспаратаминотрансфераза белсенділігінің артуымен және онсыз қанда ВГВ (ВГВ ДНҚ титрі) вирусы концентрациясының жоғарылағаны туралы хабарланды. Джакави препаратымен емді бастар алдында ВГВ болуына скринингтен өту ұсынылады. ВГВ созылмалы инфекциясы бар пациенттерді емдеу және клиникалық нұсқауларға сәйкес бақылау керек.

Белдемелі герпес

Дәрігерлер пациенттерді мүмкіндігінше емді ерте бастау керектігі ұсынысымен белдемелі герпестің ерте белгілері мен симптомдарын мезгілінде анықтауға үйретуі тиіс.

Үдемелі мультифокальді лейкоэнцефалопатия

Джакави препаратымен емдегенде үдемелі мультифокальді лейкоэнцефалопатияның (ҮМЛ) дамығаны туралы хабарланды. Дәрігерлер пациенттер байқамауы мүмкін ҮМЛ дамуын жорамалдауға мүмкіндік беретін симптомдарға (мысалы, когнитивтік, психоневрологиялық симптомдар немесе белгілерге) ерекше қырағылық танытуы тиіс. Пациенттер жоғарыда атап көрсетілген симптомдар немесе белгілердің білінуі немесе өршуі тұрғысынан қадағаланып, ал егер ондай симптомдар/белгілер туындаса, невропатологқа жіберілуі және ҮМЛ анықтау тұрғысынан тиісті диагностикадан өтуі тиіс. ҮМЛ күдік туындағанда, әрі қарай препарат дозасын қабылдауды ҮМЛ жоққа шығарылған сәтке дейін тоқтату керек.

Терінің меланомалы емес обыры

Джакави препаратын қабылдаған пациенттерде базальді жасушалы карцинома, жалпақ жасушалы карцинома және Меркель жасушалары карциномасын қоса, терінің меланомалы емес обыры (ТМЕО) жағдайы тіркелген. Бұл пациенттердің көбінің анамнезінде гидроксимочевинамен ұзақ емделу, сондай-ақ осының алдындағы ТМЕО зақымданулары немесе терінің обыралдылық зақымданулары болды. Руксолитинибпен себеп-салдарлық байланысы анықталмаған. Тері обырының даму қаупі жоғары топтағы пациенттер үшін теріні мезгіл-мезгіл зерттеу ұсынылады.

Липидті бейін көрсеткіштерінің бұзылуы/жоғарылауы

Джакави препаратын қабылдау жалпы холестерин, тығыздығы жоғары липопротеид (ТЖЛ) холестерині, тығыздығы төмен липопротеид (ТТЛ) холестерині және триглицеридтерді қоса, липидті бейін көрсеткіштерінің ұлғаюымен байланысты болды. Липидті бейін көрсеткіштерін мониторингтеу және дислипидемияны клиникалық хаттамаларға сәйкес түзету ұсынылады.

Өзара әрекеттесулер

Джакави препаратын СҮР3А4 ферментінің күшті тежегіштерімен немесе СҮР2С9 және СҮР3А4 ферменттерінің қосарлы тежегіштерімен (мысалы, флуконазол) бір мезгілде қолданғанда Джакави препаратының стандартты дозасын шамамен 50%-ға азайту және тәулігіне 2 рет қабылдау керек (4.2 және 4.5-бөлімдерді қараңыз).

Циторедуктивті емді немесе өсудің гемопоэздік факторларын және Джакави препаратын бір мезгілде қолдану зерттелмеген. Бұндай біріктірілімдер арқылы емнің қауіпсіздігі мен тиімділігі зерттелмеген (4.5- бөлімді қараңыз).

Тоқтату синдромы

Джакави препаратымен емді үзгеннен немесе тоқтатқаннан кейін МФ симптомдары шамамен бір апта ішінде қайта оралуы мүмкін. Джакави препаратын қабылдауды тоқтатқан пациенттерде күрделілігі басым жағымсыз құбылыстар, атап айтқанда жедел интеркуррентті аурулар туындаған жағдайлар анықталды. Бұл құбылыстардың туындауына Джакави препаратын қабылдауды күрт тоқтату ықпал еткен-етпегені анықталмаған. Егер препарат қабылдауды күрт тоқтату талап етілмесе, біртіндеп азайтудың клиникалық маңыздылығы дәлелденбесе де Джакавидің дозасын біртіндеп төмендетуді қарастыру керек.

Қосымша заттар

Джакави препаратының құрамында лактоза бар. Тұқым қуалайтын лактоза жағымсыздығы, лактаза тапшылығы және глюкоза-галактаза мальабсорбциясы проблемасы бар пациенттерге бұл дәрілік препаратты қолдануға болмайды.

Бұл дәрілік препараттың құрамында бір таблеткаға шаққанда 1 ммоль аз натрий (23 мг) бар, яғни құрамында натрий жоқ деуге болады.

4.5 Басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Дәрілік өзара әрекеттесулерді зерттеу тек қана ересектердің қатысуымен жүргізілді.

Руксолитиниб СҮР3А4 және СҮР2С9 ферменттері катализдейтін метаболизм жолымен шығарылады. Осылайша, бұл ферменттердің белсенділігін тежейтін дәрілік заттар руксолитиниб әсерін ұлғайтуы мүмкін.

Нәтижесінде руксолитиниб дозасын төмендету талап етілетін өзара әрекеттесулер

СҮР3А4 ферментінің тежегіштері

СҮР3А4 ферментінің күшті тежегіштері (басқаларынан бөлек, боцепревир, кларитромицин, индинавир, итраконазол, кетоконазол, лопинавир/ритонавир, ритонавир, мибефрадил, нефазодон, нелфинавир, позаконазол, саквинавир, телапревир, телитромицин, вориконазолды қоса)

Дені сау еріктілерде руксолитинибті (бір реттік доза 10 мг) және СҮР3А4 ферментінің күшті тежегіштері кетоконазолмен бір мезгілде қабылдау руксолитинибпен монотерапиямен салыстырғанда орташа ең жоғары концентрациясының (C_{max}) және концентрацияның уақытқа тәуелді қисық астындағы ауданының (AUC) тиісінше 33 және 91 % ұлғаюына әкелді. Кетоконазолмен бір мезгілде қабылдағанда жартылай шығарылу кезеңі 3,7 -ден 6,0 сағатқа дейін ұлғайған.

Руксолитинибті СҮР3А4 ферментінің күшті тежегіштерімен бір мезгілде қабылдағанда руксолитинибтің стандартты дозасын шамамен 50 %-ға төмендету және тәулігіне екі рет қабылдау керек. Пациенттерде (мысалы, аптасына екі рет) цитопения болуын мұқият бақылау керек және емнің қауіпсіздігі мен тиімділігінің көрсеткіштерін ескере отырып, дозаны титрлеу керек (4.2-бөлімді қараңыз).

СҮР2С9 және СҮР3А4 ферменттерінің қосарлы тежегіштері

Дені сау адамдарда руксолитинибті (бір реттік доза 10 мг) СҮР2С9 және СҮР3А4 қосарлы тежегіштерімен, флуконазолмен бірге енгізу, бір ғана руксолитинибпен қолданғанға қарағанда, руксолитинибтің C_x және AUC тиісінше 47% және 232% жоғары болуына әкеледі.

СҮР2С9 және СҮР3А4 ферментінің қосарлы тежегіштері (мысалы, флуконазол) болып табылатын дәрілік заттар қабылдағанда дозаны 50 %-ға төмендетуді қарастыру керек. Руксолитинибті тәулігіне 200 мг асатын дозадағы флуконазолмен бір мезгілде қабылдаудан аулақ болу керек.

Ферменттердің индукторлары

СҮР3А4 ферментінің индукторлары (басқаларынан бөлек, авазимиб, карбамазепин, фенобарбитал, фенитоин, рифабутин, рифампин (рифампицин), шайқурайды (*Hypericum perforatum*) қоса)

Пациенттерді мұқият бақылауды жүзеге асыру және емнің қауіпсіздігі мен тиімділігінің көрсеткіштері негізінде дозаны титрлеу керек (4.2-бөлімді қараңыз).

СҮР3А4 ферментінің күшті индукторы рифампициннен кейін (10 күн бойы тәулігіне бір рет 600 мг дозада) руксолитиниб (50 мг бір реттік дозада) қабылдаған дені сау еріктілерде Джакави препаратымен монотерапиядан кейінгіге қарағанда руксолитиниб AUC 70 %-ға аз болды. Руксолитинибтің белсенді метаболиттерінің әсері өзгермеген күйі қалды. Негізінен руксолитинибтің фармакодинамикалық әсері ұқсас болатыны анықталды, бұл СҮР3А4 ферментінің индукциясы фармакодинамикасына ең аз дәрежеде әсер ететінін көрсетеді. Алайда бұндай нәтиже E_{max} жақын болатын фармакодинамикалық әсерге негізделген руксолитинибтің жоғары дозасына байланысты болуы мүмкін. Басында руксолитинибпен және ферменттің күшті индукторымен бір мезгілде емдеу кезінде жеке пациенттерде руксолитиниб дозасын ұлғайту қажет болуы мүмкін.

Руксолитинибке әсер ететін басқа өзара әрекеттесулер

СҮР3А4 ферментінің әлсіз және орташа тежегіштері (басқаларымен бірге ципрофлоксацин, эритромицин, ампренавир, атазанавир, дилтиазем, циметидинді қоса)

Дені сау еріктілерде руксолитинибті (10 мг бір реттік доза) және 500 мг эритромицинді төрт күн бойы тәулігіне 2 рет бір мезгілде қабылдау, руксолитинибтің

монотерапиясымен салыстырғанда, руксолитинибтің C_{max} және AUC тиісінше 8 және 27 % артуына әкелген.

Руксолитинибті СҮРЗА4 ферментінің жеңіл немесе орташа тежегіштерімен (мысалы, эритромицинмен) бір мезгілде қабылдағанда дозаны түзету ұсынылмаған. Дегенмен пациенттер руксолитинибпен және СҮРЗА4 ферментінің орташа тежегіштерімен біріктірілген емнің басында цитопенияның пайда болуына мұқият бақылауда болуы тиіс. Руксолитинибтің басқа дәрілік заттарға әсері

Р-гликопротеинмен немесе басқа тасымалдағыштармен тасымалданатын заттар

Руксолитиниб ішекте Р-гликопротеин белсенділігін және сүт безі обырының резистенттілік ақуызын (СБОРА) бәсеңдетуі мүмкін. Бұл осы дабигатран этексилаты, циклоспорин, розувастатин сияқты, және дигоксин де болуы мүмкін, тасымалдағыштардың субстраттарының жүйелі әсерінің ұлғаюына әкелуі мүмкін. Әсері болатын субстраттардың емдік -дәрілік мониторингін (ЕДМ) немесе клиникалық мониторингін жүзеге асыру ұсынылады.

Егер препараттарды қабылдау аралығы ұзағырақ болса ішекте Р-гликопротеин және СБОРА потенциалды бәсеңдеуі ең төменге жеткізілуі мүмкін.

Өсудің гемопоэздік факторы

Өсудің гемопоэздік факторларын руксолитинибпен бір мезгілде қолдану зерттелмеген. Руксолитинибтің янус-киназаны (JAK) тежеуі өсудің гемопоэздік факторларының тиімділігін төмендететіні немесе өсудің гемопоэздік факторларының руксолитинибтің тиімділігіне- әсер ететіні белгісіз (4.4-бөлімді қараңыз).

Циторедуктивті ем

Циторедуктивті ем мен руксолитинибті бір мезгілде қолдану зерттелмеген. Мұндай бір мезгілде қолдану арқылы емдеудің қауіпсіздігі мен тиімділігі белгісіз (4.4-бөлімді қараңыз).

Дені сау еріктілердің қатысуымен жүргізілген зерттеулер руксолитинибтің мидазоламның СҮРЗА4 пероральді субстратының метаболизмін бәсеңдетпегендігін көрсетті. Осыны ескере отырып, СҮРЗА4 субстратының әсерінің руксолитинибті олармен бір мезгілде қолданғанда ешбір артуы болжанбайды.

Пероральді контрацептивтер

Дені сау еріктілердің қатысуымен жүргізілген зерттеу руксолитинибтің құрамында этинилэстрадиол және левоноргестрел бар пероральді контрацептивтің фармакокинетикасына әсер етпегенін көрсетті. Сондықтан бір мезгілде қолданғанда руксолитиниб бұл біріктірілімнің контрацептивтік әсерін азайтатыны күтілмейді.

4.6 Фертильділік, жүктілік және лактация

Жүктілік

Жүкті әйелдерде Джакави препаратын қолдану туралы деректер жоқ.

Жануарларға жүргізілген зерттеулер руксолитинибтің эмбриоуытты және фето-уытты әсері барын көрсеткен. Егеуқұйрықтарда немесе үй қояндарында тератогенділігі байқалмаған. Десе де әсер ету шегі клиникалық ең жоғары дозамен салыстырғанда төмен болды, сондықтан нәтижелердің адам үшін мәні шектеулі (5.3-бөлімді қараңыз). Адам үшін әлеуетті қауіп белгісіз. Сақтық шаралары ретінде Джакави препаратын жүктілік кезінде қолдануға қарсы көрсетілім бар (4.3-бөлімді қараңыз).

Ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдер/контрацепция

Ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдер Джакави препаратымен ем кезінде контрацепцияның тиімді әдістерін қолдануы керек. Джакави препаратымен ем кезінде жүкті болып қалған жағдайда шаранаға төнетін қауіпке байланысты мұқият кеңесе отырып, пайдасы мен қаупінің арақатынасына жеке түрде бағалау жүргізу керек (5.3-бөлімді қараңыз).

Бала емізу

Джакави препараты бала емізу кезеңінде қолданылмауы тиіс (4.3-бөлімді қараңыз), сондықтан егер ем басталса, бала емізуді тоқтату керек. Руксолитинибтің және/немесе

оның метаболиттерінің емшек сүтіне бөлінетіндігі белгісіз. Емшектегі сәби үшін қауіп жоққа шығарылмайды. Жануарларға жүргізілген зерттеулерден алынған қолда бар фармакодинамикалық/

токсикологиялық деректер руксолитинибтің және оның метаболиттерінің емшек сүтіне бөлінетіндігін көрсетті (5.3-бөлімді қараңыз).

Фертильділік

Руксолитинибтің адамның репродуктивтік функциясына әсері туралы деректер жоқ. Жануарларға жүргізілген зерттеулер барысында репродуктивтік функцияға еш әсері байқалмады.

4.7 Көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсері

Джакави препараты тыныштандыратын әсер етпейді немесе өте аз ғана әсер етеді. Дегенмен Джакави препаратын қабылдағаннан кейін бас айналуын сезінген пациенттерге көлік құралын басқарудан немесе басқа механизмдермен жұмыс жасаудан бас тарту керек.

4.8 Жағымсыз реакциялар

Қауіпсіздік бейінінің қысқаша сипаттамасы

Миелофиброз

Көбірек жиілікпен тіркелген жағымсыз дәрілік реакциялар тромбоцитопения және анемия болды.

Гематологиялық жағымсыз реакциялар (Жағымсыз құбылыстарды белгілеудің терминологиясының жалпы критерийлері бойынша кез келген дәреже [СТСАЕ]) анемия (83,4 %), тромбоцитопения (80,5 %) және нейтропения (20,8 %) болды.

Анемия, тромбоцитопения және нейтропения дозаға тәуелді реакциялар болып табылады.

Көбірек жиі кездесетін үш гематологиялық емес жағымсыз реакциялар гематоманы (33,3 %), басқа қан кетулерді (мұрыннан қан кету, операциядан кейінгі қан кету және гематурия) (24,3 %) және бас айнауды (21,9 %) қамтыды.

Зертханалық көрсеткіштердің қалыптан жиілігі көбірек үш гематологиялық емес ауытқуына аланин-аминотрансфераза (40,7 %), аспартат-аминотрансфераза (31,5 %) және гипертриглицеридемия (25,2 %) жоғарылауы жатты. МФ бар пациенттердің қатысуымен жүргізілген 3-фазаның клиникалық зерттеулерінде СТСАЕ бойынша 3-немесе 4-дәрежедегі гипертриглицеридемия, СТСАЕ бойынша 4-дәрежедегі жоғарылаған аспартат-аминотрансфераза немесе аланин-аминотрансфераза немесе гиперхолестеринемия жоғарылауы байқалмаған.

Осы клиникалық зерттеулерде себеп-салдарлық байланысына қарамастан жағымсыз құбылыстарға байланысты препаратты тоқтату пациенттердің 30,0%-ында байқалды.

Нағыз полицитемия

Гематологиялық жағымсыз реакцияларға (СТСАЕ бойынша кез келген дәреже) анемия (61,8 %) және тромбоцитопения (25,0 %) жатады. СТСАЕ бойынша 3- және 4-дәрежедегі анемия немесе тромбоцитопения тиісінше пациенттердің 2,9 және 2,6 %-ында тіркелген. Көбірек жиіліктегі үш гематологиялық емес жағымсыз реакциялар дене салмағының артуы (20,3 %), бас айналуы (19,4 %) және бас ауыруы (17,9 %) болды.

Зертханалық көрсеткіштердің жиірек кездесетін қалыптан үш гематологиялық емес ауытқуына аланин-аминотрансфераза (45,3 %), аспартат-аминотрансфераза (42,6 %) деңгейінің жоғарылауы, сондай-ақ гиперхолестеринемия (34,7 %) жатты. МФ бар пациенттердің қатысуымен жүргізілетін 3-фазаның клиникалық зерттеулерінде 4-дәрежедегі гиперхолестеринемия немесе 4-дәрежедегі аланин-аминотрансфераза деңгейінің жоғарылауы (СТСАЕ бойынша дәреже) байқалған жоқ. Бір жағдайда СТСАЕ бойынша 4-дәрежедегі аспартат-аминотрансфераза деңгейінің жоғарылауы байқалды.

Осы клиникалық зерттеулерде себеп-салдарлық байланысына қарамастан жағымсыз құбылыстарға байланысты препаратты тоқтату пациенттердің 19,4%-ында байқалды.

Клиникалық зерттеулер барысында анықталған жағымсыз дәрілік реакциялардың жиынтық кестесі

МФ бар пациенттерде препаратты қолдану қауіпсіздігі бастапқыда руксолитиниб қабылдау тобына рандомизацияланған пациенттер (n = 301), сондай-ақ бақылау тобынан (n = 156) ауысқаннан кейін руксолитиниб алған пациенттер бойынша деректерді қоса алғанда, 3 фазаның (COMFORT-I және COMFORT-II) екі зерттеуінен ұзақ бақылау барысында алынған деректердің көмегімен бағаланды.

Руксолитинибтің орташа әсері, оның негізінде МФ бар пациенттерде НЛР даму жиілігі анықталды, 30,5 айды құрады (0,3 айдан 68,1 айға дейінгі диапазонда).

НП бар пациенттерде препаратты қолдану қауіпсіздігі бастапқыда руксолитиниб қабылдау тобына рандомизацияланған пациенттер (n = 184), сондай-ақ бақылау тобынан (n = 156) ауысқаннан кейін руксолитиниб алған пациенттер бойынша деректерді қоса алғанда, 3 фазаның екі зерттеуінен (RESPONSE және RESPONSE 2) ұзақ бақылау барысында алынған деректердің көмегімен бағаланды. Руксолитинибтің орташа әсері, оның негізінде НП бар пациенттерде ЖДР даму жиілігі анықталды, 41,7 айды құрады (0,03 айдан 59,7 айға дейінгі диапазонда).

Клиникалық зерттеулер жүргізу бағдарламасында препаратқа жағымсыз реакциялардың ауырлық дәрежесі СТСАЕ негізінде бағаланды, мұнда 1-дәреже = жеңіл, 2-дәреже = орташа, 3-дәреже = ауыр, 4-дәреже = өмірге қауіпті.

Клиникалық зерттеулер нәтижесінде анықталған жағымсыз дәрілік реакциялар (1-кесте) MedDRA сөздігіне сәйкес жүйелік-ағзалық класстар бойынша келтіріледі. Әрбір жүйелік-ағзалық класста ең жиі кездесетін жағымсыз реакциялар бірінші кезекте келтіріледі. Бұдан бөлек, жағымсыз дәрілік реакцияның әрқайсысы үшін тиісті жиілік санаты келесі ұғымдарға негізделген: өте жиі ($\geq 1/10$); жиі ($\geq 1/100$ -ден $< 1/10$ дейін); жиі емес ($\geq 1/1000$ -нан $< 1/100$ дейін); сирек ($\geq 1/10\ 000$ -нан $< 1/1000$ дейін); өте сирек ($< 1/10\ 000$).

3-кесте. 3 фаза зерттеулері барысында (COMFORT-I, COMFORT-II, RESPONSE, RESPONSE 2) тіркелген жағымсыз дәрілік реакциялардың туындау жиілігінің санаты

Препаратқа жағымсыз реакция	МФ бар пациенттер үшін жиілік санаты	НП бар пациенттер үшін жиілік санаты
Инфекциялар және паразиттер		
Несеп шығару жолдарының инфекциялары ^{a, d}	Өте жиі	Өте жиі
Белдемелі герпес ^{a, d}	Өте жиі	Өте жиі
Пневмония	Өте жиі	Жиі
Сепсис	Жиі	Жиі емес
Туберкулез ^e	Жиі емес	Белгісіз
ВГВ реактивациясы	Белгісіз ^g	Белгісіз
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар ^{b, e}		
Анемия ^b		
СТСАЕ ^d , 4-дәреже ($< 6,5$ г/дл)	Өте жиі	Жиі емес
СТСАЕ ^d , 3-дәреже ($< 8,0-6,5$ г/дл)	Өте жиі	жиі

СТСАЕ ^d бойынша кез келген дәреже	Өте жиі	Өте жиі
Тромбоцитопения ^b		
СТСАЕ ^d , 4-дәреже (< 25 000/мм ³)	Жиі	Жиі емес
СТСАЕ ^d , 3-дәреже (50 000–25 000/мм ³)	Өте жиі	Жиі
СТСАЕ ^d бойынша кез келген дәреже	Өте жиі	Өте жиі

Нейтропения ^b		
СТСАЕ ^d , 4-дәреже ($< 500/\text{мм}^3$)	Жиі	Жиі емес
СТСАЕ ^d , 3-дәреже ($< 1000-500/\text{мм}^3$)	Жиі	Жиі емес
СТСАЕ ^d бойынша кез келген дәреже	Өте жиі	Өте жиі
Панцитопения ^{b,c}	Жиі	Жиі
Қан кетулер (кез келген қан кетулер, бассүйекішілік қан құйылуды, асқазан-ішектен қан кетуді, гематомалар және басқа қан кетулерді қоса)	Өте жиі	Өте жиі
Асқазан-ішектен қан кету	Өте жиі	Жиі
Гематомалар	Өте жиі	Өте жиі
Бассүйекішілік қан құйылу	Жиі	жиі емес
Басқа қан кетулер (мұрыннан қан кетуді, операциядан кейінгі қан кету- мен гематурияны қоса)	Өте жиі	Өте жиі
Метаболизм және тамақтану тарапынан бұзылулар		
Гиперхолестеринемия ^b СТСАЕ ^d , кез келген дәреже	Өте жиі	Өте жиі
Гипертриглицеридемия ^b СТСАЕ ^d , кез келген дәреже	Өте жиі	Өте жиі
Салмақ қосу ^a	Өте жиі	Өте жиі
Жүйке жүйесінің тарапынан бұзылулар		
Бас айналу ^a	Өте жиі	Өте жиі
Бас ауыру ^a	Өте жиі	Өте жиі
Асқазан-ішек жолы бұзылулары		
Липаза деңгейінің жоғарылауы, СТСАЕ ^d бойынша кез келген дәреже	Өте жиі	Өте жиі
Іш қату ^a	Өте жиі	Өте жиі
Метеоризм ^a	Жиі	Жиі
Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар		

Аланин-аминотрансфераза ^b жоғарылығы		
СТСАЕ ^d , 3-дәреже (> 5x – 20 x ҚЖШ)	Жиі	Жиі
СТСАЕ ^d бойынша кез келген дәреже	Өте жиі	Өте жиі
Аспаргат-аминотрансфераза ^b жоғарылығы		
СТСАЕ ^d бойынша кез келген дәреже	Өте жиі	Өте жиі

Қантамырлар тарапынан бұзылулар		
Гипертония ^a	Өте жиі	Өте жиі
^a Жиілігі жағымсыз құбылыстардың деректері негізінде анықталған. – Жағымсыз дәрілік реакциясының (ЖДР) бірнеше жағдайы бар зерттеу қатысушысы осы ЖДР санатында тек бір рет ескеріледі. – Тіркелген ЖДР ем кезінде және ем аяқталғаннан кейін 28 күн ішінде туындаған. ^b Зертханалық көрсеткіштер негізіндегі жиілігі. – ЖДР бірнеше жағдайы бар зерттеу қатысушысы осы ЖДР санатында тек бір рет ескеріледі. – Тіркелген ЖДР ем кезінде және ем аяқталғаннан кейін 28 күн ішінде туындаған. ^c Панцитопения сол зертханалық бағалауда бір мезгілде гемоглобин деңгейі <100 г / л, тромбоциттер саны <100x10 ⁹ / л және нейтрофилдер саны <1,5x10 ⁹ / л (немесе нейтрофилдер саны болмаса, 2-дәрежедегі лейкоциттердің төмен деңгейі) ретінде анықталады. ^d Жағымсыз құбылыстарды белгілеу үшін терминологияның жалпы критерийлері (СТСАЕ), 3.0 нұсқасы; 1- дәреже = жеңіл, 2- дәреже = орташа, 3- дәреже = ауыр, 4- дәреже = өмір үшін қауіпті. ^e Бұл ЖДР мәтінде сипатталған. ^f ЖДР туралы мәліметтер тіркеуден кейінгі қолдану барысында алынды.		

Препаратты тоқтатқаннан кейін пациенттерде қажу, сүйектің ауыруы, қызба, қышыну, түнгі тершеңдік, симптоматикалық спленомегалия және дене салмағын жоғалту сияқты МФ симптомдарының қайта оралуы байқалуы мүмкін. МФ бар пациенттер қатыстырылған клиникалық зерттеулерде МФ симптомдары бойынша жалпы бағалау препарат қолдануды тоқтатқаннан кейін 7 күн ішінде бастапқы деңгейінің мәніне біртіндеп қайта оралған (4.4-бөлімді қараңыз).

Жекелеген жағымсыз дәрілік реакциялардың сипаттамасы

Анемия

МФ бар пациенттердің қатысуымен жүргізілген 3-фазаның клиникалық зерттеулерінде СТСАЕ бойынша 2- немесе одан жоғары дәрежедегі анемияның бірінші пайда болуының орташа уақыты 1,5 айды құрады. Бір пациент (0,3 %) анемияның дамуы салдарынан емді тоқтатты.

Руксолитиниб қабылдаған пациенттерде орташа алғанда гемоглобин құрамының азаюы бастапқы көрсеткіштен төмен ең жоғары төмен деңгейге 10 г/л емнің 8-12 аптасынан кейін жетті, ал одан әрі қарай гемоглобин деңгейі біртіндеп жоғарылады және бастапқы көрсеткіштен шамамен 5 г/л төмен жаңа деңгейде сақталды. Бұл көрініс пациенттерде олар ем кезінде трансфузия алған-алмағандығына байланыссыз байқалды.

Плацебо бақыланатын COMFORT-I рандомизацияланған зерттеулерде Джакави препаратын қабылдаған МФ бар 60,6 % пациентте және плацебо алған МФ бар 37,7 % пациенттерде рандомизацияланған ем барысында эритроциттерді құю жүргізілген. COMFORT-II зерттеулерде эритроцитарлық массаны құю жиілігі Джакави препаратын қабылдаған топта 53,4 %, ең жақсы қолжетімді ем қабылдаған пациенттер тобында 41,1 % құрады.

Негізгі зерттеулердің рандомизацияланған кезеңінде анемия НІІ бар пациенттерде МФ бар пациенттермен салыстырғанда сирек туындаған (82,4 %-бен салыстырғанда 40,8 %). НІІ бар пациенттер тобында СТСАЕ 3- және 4-дәрежедегі жағымсыз құбылыстары 2,7 %-ында тіркелді, сонымен бірге МФ бар пациенттерде жағымсыз құбылыстар 42,56 %-ды құрады.

Тромбоцитопения

3-фазаны клиникалық зерттеулерде МФ бар пациенттерде ауырлығы 3 немесе 4-дәрежедегі тромбоцитопения дамуының орташа кезеңі шамамен 8 аптаны

кұраған. Тромбоцитопения әдетте дозаны төмендеткенде немесе емді тоқтатқанда қайтымды болды. Тромбоциттер деңгейі орташа 14 күн ішінде $50\,000/\text{мм}^3$ астам мәнге дейін қалпына келген. Тромбоциттік масса трансфузиясының рандомизацияланған-кезеңі ішінде руксолитиниб препаратын алған пациенттердің 4,7% - ында және бақылау тобындағы пациенттердің 4,0% - ында жүргізілді. Тромбоцитопенияның дамуы салдарынан емді тоқтату руксолитиниб қабылдаған пациенттердің 0,7%-да және емнің бақылау режимінде болған пациенттердің 0,9%-да байқалды. Руксолитиниб қабылдауды бастар алдында тромбоциттер саны $100.000/\text{мм}^3$ -ден $200.000/\text{мм}^3$ дейінгі пациенттерде, тромбоциттер- саны $>200.000/\text{мм}^3$ (38,5%-бен салыстырғанда 64,2%) құрайтын пациенттермен салыстырғанда, 3 немесе 4-дәрежедегі тромбоцитопения туындау жиілігі жоғарырақ болды.

Негізгі зерттеулердің рандомизацияланған кезеңінде тромбоцитопения жағдайларының саны МФ бар пациенттердегіге (69,8 %) карағанда НП бар пациенттерде (16,8 %) аз болды. Ауыр дәрежедегі тромбоцитопения (яғни СТСАЕ бойынша 3- және 4-дәрежедегі) туындау жиілігі МФ бар пациенттердегімен (11,6 %) салыстырғанда НП бар пациенттерде (2,7 %) төмен болды.

Нейтропения

МФ бар пациенттерде 3- фазаны клиникалық зерттеулерде ауырлығы 3 немесе 4-дәрежедегі нейтропения дамуының орташа кезеңі 12 аптаны құрады. Рандомизацияланған кезең ағымында нейтропения дамуы салдарынан кезекті дозаны қабылдаудың кешігуі немесе дозаны азайту туралы 1,0 % пациентте хабарланды және нейтропенияның дамуы салдарынан 0,3 % пациентте емдеу тоқтатылған.

3-фазаның клиникалық зерттеулерінің рандомизацияланған кезеңі кезінде НП бар пациенттердің қатысуымен руксолитиниб қабылдаған пациенттердің 1,6%-ында нейтропенияның дамуы салыстырмалы препараттармен ем қабылдаған пациенттердің 7%-ымен салыстырғанда тіркелген. Руксолитиниб тобында біреуінде СТСАЕ бойынша 4- дәрежедегі нейтропения дамыған. Руксолитинибпен емделген пациенттерді кейінгі бақылаудың ұзақ кезеңі ішінде екі пациентте СТСАЕ бойынша 4-дәрежедегі нейтропенияның дамуы байқалды.

Қан кетулер

МФ бар пациенттердің қатысуымен жүргізілген 3-фазалы негізгі зерттеулерде қан кетулер руксолитиниб- қабылдаған 32,6 % пациентте (бассүйекішілік қан құйылу, асқазан-ішектен қан кету, гематомалар және басқа қан кетулерді қоса) және емнің эталондық түрін (плацебо немесе ең жақсы қолжетімді ем) қабылдаған 23,2 % пациентте тіркелген. Руксолитиниб немесе емнің эталондық түрін қабылдаған пациенттерде ауырлығы 3-4 дәрежедегі қан кетулердің даму жиілігі ұқсас (3,1 %-бен салыстырғанда 4,7 %) болды. Ем уақытында қан кетулер дамыған пациенттердің көпшілігінде гематомалар туралы хабарланған (65,3 %). Гематома жағдайлары емнің эталондық емдеу тобымен салыстырғанда руксолитиниб қабылдаған пациенттерде жиі анықталды (11,6 % салыстырғанда 21,3 %). Бассүйекішілік - қан құйылулар руксолитиниб қабылдаған 1 % пациентте және емнің эталондық түрін қабылдаған 0,9 % пациентте тіркелді. Асқазан-ішектен қан кету руксолитиниб қабылдаған 5 % пациентте және емнің эталондық түрін қабылдаған 3,1 % пациентте тіркелді. Қан кетулердің басқа түрлері (мұрыннан -қан кету, операциядан кейінгі қан кетулер және гематурияны қоса) руксолитиниб қабылдаған пациенттердің 13,3%-ында және емнің эталондық түрін қабылдаған пациенттердің 10,3%-ында анықталды.

МФ бар пациенттердің қатысуымен 3-фазаның клиникалық зерттеулері барысында кейінгі бақылаудың ұзақ кезеңі ішінде қан кету дамуының жинақталған жиілігі кейінгі бақылау кезеңінің ұлғаюына пропорционалды түрде жоғарылады. Гематомалардың пайда болуы туралы жиі хабарланды (33,3 %). Бассүйекішілік қан құйылу және асқазан-ішектен қан кетулер тиісінше пациенттердің 1,3 және 10,1% -ында тіркелген.

Қатысушылары ЖК бар пациенттер болып табылған 3-фазаның базалық зерттеуінің салыстырмалы кезеңінде, қан кетулер (бассүйекішілік қан кетулерді, асқазан-ішектен қан кетулерді, гематомаларды және басқа қан кетулерді қоса алғанда) руксолитиниб қабылдаған пациенттердің 16,8% - ында, RESPONSE зерттеу барысында қолда бар емдеу түрлерінің ең жақсысын алған пациенттердің 15,3% - ында және RESPONSE 2 зерттеу барысында ең үздік қолжетімді ем алған пациенттердің 12,0% - ында тіркелген. Гематомалар руксолитиниб қабылдаған пациенттердің 10,3 %-ында, RESPONSE зерттеу барысында қолда бар емдеу түрлерінің ең жақсысын алған пациенттердің 8,1%-ында және RESPONSE 2 зерттеу барысында ең жақсы қолжетімді ем алған пациенттердің 2,7%-ында тіркелді. Руксолитиниб қабылдаған пациенттерде бассүйекішілік қан құйылу немесе асқазан-

ішектен қан кету жағдайлары байқалған жоқ. Руксолитиниб қабылдаған бір пациентте 3-дәрежедегі қан кету - (операциядан кейінгі қан кету) пайда болды; 4-дәрежедегі қан кетулер тіркелмеген. Қан кетудің басқа түрлері (мұрыннан қан кетуді, операциядан кейінгі - қан кетуді, қызыл иектің қанағыштығын қоса алғанда) руксолитиниб қабылдаған пациенттердің -8,7%-ында, RESPONSE зерттеу барысында қолда бар емдеу түрлерінің ең жақсысын алған пациенттердің 6,3%-ында және RESPONSE 2 зерттеу барысында ең үздік қолжетімді ем алған пациенттердің 6,7%-ында тіркелген.

Кейінгі бақылаудың ұзақ кезеңі ішінде НП бар пациенттердің қатысуымен 3-фазаның клиникалық зерттеулері барысында қан кету дамуының жинақталған жиілігі кейінгі бақылау кезеңінің ұлғаюына пропорционалды түрде жоғарылады. Гематомалардың пайда болуы туралы жиі хабарланды (17,4 %). Бассүйекішілік қан құйылу және асқазан-ішектен қан кетулер тиісінше пациенттердің 0,3 және 3,5%-ында тіркелген.

Инфекциялар

МФ бар пациенттердің қатысуымен жүргізілетін 3-фазаның базалық зерттеулерінде 3-және 4-дәрежедегі ауырлық дәрежесіндегі несеп шығару жолдарының инфекциясы пациенттердің 1,0%-ында, белдемелі герпес пациенттердің 4,3%-ында және туберкулез пациенттердің 1,0%-ында байқалды. 3-фазаның клиникалық зерттеулерінде пациенттердің 3,0%-ында сепсис туралы хабарланған. Руксолитинибпен емделген пациенттерді кейінгі бақылаудың ұзақ кезеңі ішінде уақыт өте келе сепсис жағдайлары жиілігінің ұлғаюына ешқандай үрдіс байқалмады.

НП бар пациенттер қатысқан 3-фазаның негізгі зерттеуінің рандомизацияланған кезеңінде СТАЕ бойынша 3-дәрежедегі несеп шығару жолдарының инфекциясының бір (0,5 %) жағдайы хабарланды және 4-дәрежедегі несеп шығару жолдарының инфекциясы болған жоқ. НП бар пациенттерде (4,3 %) және МФ бар пациенттерде (4,0 %) белдемелі герпес жағдайларының жиілігі бірдей болды. НП бар пациенттер тобында СТАЕ бойынша 3-дәрежедегі постгерпестік невралгия туралы бір хабарлама болды. Руксолитинибпен ем қабылдаған пациенттердің 0,5%-ында пневмонияның дамуы туралы салыстырмалы препараттармен ем қабылдаған пациенттердің 1,6%-ымен салыстырғанда хабарланды. Руксолитиниб тобында сепсистің дамуы немесе туберкулездің пайда болуы туралы хабарланған жоқ.

НП бар пациенттердің қатысуымен 3-фазаның клиникалық зерттеулері барысында кейінгі бақылаудың ұзақ кезеңі бойы несеп шығару жолдары инфекцияларының жиі даму жағдайлары (11,8 %), белдемелі герпестің (14,7 %) және пневмонияның (7,1%) жиі жағдайлары туралы хабарланды. Пациенттердің 0,6%-ында сепсистің дамуы туралы хабарланды. Ұзақ мерзімді келесі бақылау барысында туберкулездің пайда болу жағдайлары туралы хабарланған жоқ.

Липаза деңгейінің жоғарылауы

RESPONSE клиникалық зерттеуінің рандомизацияланған кезеңінде липаза деңгейінің жоғарылауы бақылау тобымен (8,1%) салыстырғанда руксолитиниб тобында (18,2%) анағұрлым айқын болды. Сонымен қатар, руксолитиниб тобы мен бақылау тобы арасындағы айырмашылықтар көбінесе 1-дәреженің жоғарылауына қатысты байқалды.

>2 липаза деңгейінің жоғарылау жиілігі екі топта да салыстырмалы болды. RESPONSE 2 зерттеуінде липаза деңгейінің жоғарылау жиілігі екі топта да салыстырылды (тиісінше 10,8 және 8%). НП бар пациенттердің қатысуымен 3-фазаның клиникалық зерттеулері барысында кейінгі бақылаудың ұзақ кезеңі бойы 3-дәрежедегі (7,4 %) және 4-дәрежедегі (0,9%) липаза деңгейінің жоғарылау жағдайлары туралы хабарланды. Липаза деңгейі жоғары пациенттерде панкреатиттің қатар жүретін белгілері мен симптомдары тіркелген жоқ.

МФ бар пациенттердің қатысуымен 3-фазаның клиникалық зерттеулерінде руксолитиниб тобындағы пациенттердің 18,7 және 19,3%-ында және бақылау тобындағы пациенттердің 16,6 және 14,0%-ында липаза деңгейінің жоғарылауы туралы хабарланған, тиісінше COMFORT-I және COMFORT-II зерттеулері үшін. Липаза деңгейі жоғары пациенттерде панкреатиттің қатар жүретін белгілері мен симптомдары тіркелген жоқ.

Жоғары систолалық артериялық қысым

МФ бар пациенттердің қатысуымен жүргізілетін 3-фазаның базалық клиникалық зерттеулерінде систолалық артериялық қысымның бастапқы көрсеткішпен салыстырғанда 20 мм с.б. немесе одан да жоғарылауы 31,5% пациентте бақылау тобындағы пациенттердің 19,5% - ымен салыстырғанда кем дегенде бір тексеруде тіркелді. COMFORT-I зерттеуінде (МФ бар пациенттер) бастапқы көрсеткішпен салыстырғанда систолалық АҚ орташа жоғарылауы плацебо тобында 2-5 мм с. б. төмендеуімен салыстырғанда руксолитиниб қабылдаған пациенттерде 0-2 мм с.б. құрады. COMFORT-II зерттеуінде орташа мәндер руксолитиниб- алған пациенттер мен МФ бар бақылау тобындағы пациенттер арасындағы елеусіз айырмашылықты көрсетті. НП бар пациенттер қатысқан негізгі зерттеулердің рандомизацияланған кезеңінде ЕЖҚЕ тобындағы 2 мм сын. бағ. төмендеуімен салыстырғанда систолалық артериялық қысымның орташа мәні руксолитиниб қабылдаған топта 0,65 мм сын. бағ. жоғарылады.

Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Дәрілік препараттың «пайда-қауіп» арақатынасын үздіксіз мониторингтеуді қамтамасыз ету мақсатында дәрілік препаратты тіркеуден кейін күмән тудыратын жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медициналық қызметкерлерге жағымсыз реакциялар туралы ұлттық хабарландыру жүйесі арқылы дәрілік препараттың кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары туралы мәлімдеуге кеңес беріледі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

4.9 Артық дозалану

Джакави препаратының артық дозалануы кезіндегі антидот белгісіз. 200 мг-ға дейінгі бір реттік дозаларды қолданған кезде қолайлы қысқа мерзімді төзімділік байқалды. Ұсынылған бірнеше реттік дозадан асып кету лейкопенияны, анемияны және тромбоцитопенияны қоса алғанда, миелосупрессия деңгейінің жоғарылауымен байланысты болды. Мұндай жағдайларда тиісті демеуші терапия қолданылады.

Гемодиализ жүргізу организмнен руксолитинибтің шығарылуын жеделдетеді деп күтілмейді.

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1. Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: Антинеопластикалық препараттар. Антинеопластикалық препараттар басқа. Протеинкиназа тежегіштері. Руксолитиниб.

АТХ коды L01XE18

Әсер ету механизмі

Руксолитиниб янус-киназаның (JAK) JAK1 және JAK2 (JAK1 және JAK2 ферменттері үшін IC₅₀ мәні сәйкесінше 3,3 нмоль және 2,8 нмоль) селективті тежегіші болып табылады. Бұл ферменттер қан өндіру мен иммундық жүйе үшін маңызды цитокиндер мен өсу факторларының сигналдарын беруде делдал болып табылады.

Миелофиброз және нағыз полицитемия - бұл миелопролиферативті ісіктер, олар JAK1 және JAK2 сигналдарының берілуін реттеудің бұзылуымен бірге жүреді. Реттеудің бұзылуының негізінде функцияны алу үшін JAK-STAT мутациясының жолын белсендіретін айналымдағы цитокиндердің жоғары деңгейлері жатыр, мысалы, JAK2V617F мутациясы, сонымен қатар теріс реттеуші механизмдердің жоққа шығаруға әкеледі. МВ бар пациенттерде JAK2V617F мутация мәртебесіне қарамастан JAK сигналдарын беруде реттеудің бұзылуы байқалады. JAK2-де (V617F немесе экзон 12) белсенді мутация НП бар пациенттердің > 95%-ында байқалады.

Руксолитиниб 80-320 нмоль диапазонында IC₅₀-мен мутацияланған JAK2V617F ақуызын экспрессиялау арқылы гематологиялық қатерлі ісіктердің цитокинге тәуелді жасушалық модельдерінде, сондай-ақ цитокинге тәуелсіз Ba/F3 пролиферациялық жасушаларына айналған JAK-STAT- жолы бойынша сигнал беруді және жасушалардың пролиферациясын тежейді.

Фармакодинамикалық әсерлері

Руксолитиниб дені сау адамдардың, МФ бар пациенттердің және НП бар пациенттердің жаңа алынған қанында цитокинмен индукцияланатын STAT3 фосфорлануын тежейді. Руксолитинибті қолдану дені сау адамдарда да, МФ бар пациенттерде де 8 сағаттан кейін бастапқы деңгейге жақын мәндерге фосфорлану көрсеткіштерін қайтара отырып, препарат дозасын қабылдағаннан кейін 2 сағаттан соң STAT3 фосфорлануының барынша бәсеңдеуіне әкеледі, бұл бастапқы препараттың немесе белсенді метаболиттердің жинақталуының жоқтығын көрсетеді.

Бастапқы кезеңде МФ бар пациенттерде ФНПа, ИЛ-6 және СРБ сияқты жүйелі симптомдардың пайда болуымен байланысты қабыну маркерлерінің жоғарылауы руксолитинибпен емдеуден кейін төмендеді. Уақыт өте келе МФ бар пациенттерде руксолитинибпен емдеудің фармакодинамикалық әсеріне төзімділік белгілері дамымаған.

Осыған ұқсас НП бар пациенттерде бастапқы көрсеткіштермен салыстырғанда қабыну маркерлерінің деңгейі жоғарылаған және осы маркерлердің деңгейі руксолитинибпен емделгеннен кейін төмендеген.

Сау қатысушыларда QT-аралығы шамасын мұқият зерделеу кезінде руксолитинибті бір реттік дозада 200 мг терапиялық дозадан асқанға дейін қолданғанда QT/QTc ұзаруының ешқандай белгілері табылған жоқ, бұл руксолитинибтің жүрек реполяризациясына ешқандай әсер етпейтінін көрсетеді.

Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі

Миелофиброз

3-фазаның (COMFORT-I және COMFORT-II) екі рандомизацияланған зерттеулері МФ (бастапқы МФ, шынайы полицитемия фонында МФ немесе эссенциалдық тромбоцитемия аясында МФ) бар пациенттердің қатысуымен жүргізілді. Екі зерттеуде де пациенттерде қабырға доғасынан кем дегенде 5 см төмен пальпация жасалатын спленомегалия байқалды және пациенттер Халықаралық жұмыс тобы (IWG) анықтаған бірыңғай критерийлер негізінде тәуекелдің аралық 2-санатына немесе тәуекелдің жоғары санатына жатады. Джакави препаратының бастапқы дозасы тромбоциттер санын ескере отырып анықталды.

